

**"Еуразиялық банк" АҚ**  
**"151-ші The Open at Liverpool чемпионатына екі адамға саяхат ұтысы"**  
**жарнамалық науқанын өткізу шарттары**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. **"151-ші The Open at Liverpool чемпионатына екі адамға саяхат ұтысы"** жарнамалық науқанын (бұдан әрі — Науқан) ұйымдастырушы — "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі — Банк), Eurasian Diamond Club.

1.2. Жарнамалық науқанды өткізу кезеңі: 2023 жылғы 3 сәуірден қоса алғанда 15 маусымға дейін.

1.3. Науқанға MC World Elite металл/несие карталарын ұстайтын барлық клиенттер - ҚР резиденттері қатысады.

1.4. Осы Науқанды өткізу шарттары (бұдан әрі — Шарттар) Науқанды өткізу, Науқанға қатысу, Науқан жеңімпаздарын анықтау тәртібін, сондай-ақ жүлде сертификатын (бұдан әрі -сертификат) тапсыру тәртібін айқындайды. Осы шарттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

1.5. Жарнамалық науқанның өту аумағы шектелмеген, сауда және сервис кәсіпорындарында POS-терминалдар арқылы жүргізілген, соның ішінде шетелде және интернетте жүргізілген барлық транзакциялар қатысады.

**2. Жүлде қоры**

2.1. Сертификат –**151-ші The Open at Liverpool чемпионатына екі адамға саяхат.**

Жиынтық құрамы:

- Екі бағытқа бизнес-класс авиабилеттері
- 2 қонаққа арналған 1 бөлмеде 5 күн/ 4 түн тұру
- Ливерпуль әуежайынан қарсылау/әуежайға жеткізу
- отельдегі 4 таңғы ас
- отельдегі және жергілікті мейрамханаларда 4 кешкі ас
- Royal Liverpool бағытындағы трансфер
- Open орындарына билеттер
- Grandstand билеттері, 18-ойық
- Чемпионат алаңында гольф ойнау

2.2. Банк сертификатты ақшалай баламамен бермейді.

2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сертификатты алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

**3. Жарнамалық науқан туралы ақпарат**

3.1. Осы науқан туралы ақпарат:

- банктің [eubank.kz](http://eubank.kz), [diamondclub.eubank.kz](http://diamondclub.eubank.kz) сайттарында орналастыру;

- банк серіктестерінің жалпыға ортақ ресурстарында орналастыру арқылы таратылады.

#### **4. Жарнамалық науқанға қатысу қағидалары**

4.1. 03.04.2023ж. бастап 15.06.2023ж. дейінгі (қоса алғанда) кезең аралығында кемінде 500 000 (бес жүз мың) теңге сомаға транзакциялар жасаған MC World Elite металл/ несие карталарының ұстаушылары болып табылатын клиенттердің - ҚР резиденттерінің барлық транзакциялары қатысады.

4.2. Науқан жарияланған сәтте MC World Elite металл/несие карталарының ұстаушылары болып табылмайтын азаматтар қатысу үшін:

- ✓ MC World Elite металл/несие картасын шығаруға өтінім рәсімдеуі және Приват-банкинг қызметкеріне ұсынуы;
- ✓ қоса берілген нұсқаулықты пайдалана отырып, MC World Elite металл/несие картасын алуы және белсендіруі;
- ✓ талаптарға сәйкес қатысу шарттарын орындауы тиіс.

4.4. Науқанға қатыспайтын транзакциялар:

- қолма-қол қаражатты шешіп алу/толтыру;
- бюджетке төлемдер аудару, айыппұл санкцияларын, кедендік алымдар төлеу;
- несие төлеу;
- депозит толықтыру;
- Банктің интернет-банкингіндегі төлем;
- карта бойынша ақша аудару операциялары;
- банкоматтар арқылы қызметтерге ақы төлеу;
- казиноға төлем жасау;
- коммуналдық қызметтерге ақы төлеу;
- электрондық әмиянды толтыру;
- электрондық ақшаны сатып алу.

4.5. 1 (бір) Қатысушының науқан кезеңіндегі транзакциялар санына шек қойылмайды.

4.6. Қатысушы сауалнамада көрсетілген деректері (ұялы телефон нөмірі, ТАӘ) үшін дербес жауаптылықта болады.

4.7. Науқан жеңімпаздарының сертификатқа ие болуы оларды Банк алдындағы міндеттемелерінен босатпайды.

4.8. Банктің несие өнімдері бойынша мерзімі өткен берешегі бар қатысушылар жеңімпаздар тізімінен шығарылады. Қатысушылардың ұтыс ойыны кезіндегі жабық карталары да жеңімпаздар тізімінен шығарылады.

4.9. Қайтарылған тауарлар/қызметтер транзакциялары Қатысушылар тізімінен шығарылады.

4.10. Науқанға Банк қызметкерлері және Банкпен айрықша байланыстағы тұлғалар қатыспайды.

## **5. Ұтыс өткізу тәртібі**

5.5. Науқанға Қатысушылар арасындағы ұтыс ойыны кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен анықтауға негізделген және науқанды өткізу кезеңінде Банктің деректер базасында тіркелген Қатысушы жүргізген транзакцияның референс-нөмірі бойынша комиссия мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

5.6. Кездейсоқ сандарды генерациялау арқылы MC World Elite металл/несие карталары бойынша транзакциялардың референс-нөмірі таңдалып, экранда тіркеледі және Науқан жеңімпазы анықталады.

5.7. Ұтыс өткізу аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері жеңімпаз және резервтік транзакцияның референс-нөмірін тіркейді.

5.8. Ұтысты өткізу нәтижелерін комиссия ұтыс қорытындысының тиісті хаттамасына енгізеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

5.9. Науқан бойынша сертификат ұтысы жабық режимде өткізіледі, оған Науқан қатысушылары жіберілмейді. Мерзімі 01.07.2023ж. дейін.

5.10. Науқанға қатысушылар арасында ұтыс ойынын өткізу үшін Банк кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын комиссияны құрады.

5.11. Комиссия мүшелерінің атқаратын міндеттері:

- ✓ Науқанның сертификат ұтысын өткізу;
- ✓ жеңімпазды көрсете отырып, тиісті хаттамаға қол қою арқылы Науқанға қатысушылар арасында өткен ұтыс ойынының нәтижелерін растау.

5.12. Өткізілген ұтыстардың нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

5.13. Жеңімпаз сертификатты алудан бас тартқан жағдайда сыйлық резервтік клиентке және т.б. өтеді.

## **6. Жүлде қорын алу тәртібі мен мерзімдері**

6.1. Ұтыс өткізу қорытындысы бойынша Приват-банкингтің нақты клиентіне бекітілген дербес менеджер хабарласып, ұтыс нәтижесін хабарлайды.

6.2. Науқанның сертификатына деген меншік құқығы сертификатты қабылдау актісі (№1 қосымша) бойынша сертификатты беру сәтінде жеңімпазға өтеді.

6.3. Жеңімпаз жарнамалық науқанның сертификатынан бас тартқан жағдайда жеңімпаз сертификаттан бас тарту туралы актіні (№2 қосымша) толтырады.

## 7. Қорытынды ережелер

7.1. Науқанға қатысу фактісі Қатысушының осы Шарттармен толық келісетіндігін растайды.

7.2. Банк жеңімпаздардың есімдері мен фотосуреттерін жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын, сертификатты беру рәсімін өзгерту және науқан туралы қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады.

7.3. Банк кез келген сәтте алдын ала ескертусіз және себептерін түсіндірмей осы Шарттарды бұзатын, соның ішінде:

- ✓ Науқан қорытындыларын бұрмалауға бағытталған іс-әрекеттерге баратын;
- ✓ Банк алаяқтық, алдау немесе Банк пен Науқанға қатысушылар үшін қолайсыз салдарларға әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін өзге де айла-шарғылар деп бағалайтын іс-әрекеттерді жасайтын;
- ✓ Банктің, Науқанға қатысушылардың атына қорлайтын пікірлер мен намысқа тиетін сөздер айтатын, Науқан туралы шындыққа жанаспайтын мәліметтер тарататын адамдардың Науқанға қатысу мүмкіндігін бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.

7.4. Науқан өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдарды [press@eubank.kz](mailto:press@eubank.kz) мекенжайына жіберуге болады. Банк келіп түскен шағымдар бойынша оларды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей шешім шығарады.

7.5. Банк кез келген уақытта Науқанның күшін жою немесе ұзарту, сондай-ақ осы Шарттарды өзі дұрыс деп санайтындай етіп өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Банк Науқан шарттарының өзгергені туралы ақпаратты Қатысушылардың назарына уақтылы жеткізеді.

**"Еуразиялық банк" АҚ "151-ші The Open at Liverpool  
чемпионатына екі адамға саяхат ұтысы"**

жарнамалық науқанын өткізу  
шарттарының №1 қосымшасы

**Сертификатты қабылдау актісі**

Мен, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_, жеке куәлік № \_\_\_\_\_ (құжатты берген  
орган) \_\_\_\_\_ (күні) \_\_\_\_\_ берген,  
ЖСН \_\_\_\_\_, "Еуразиялық банк" АҚ 03.04.2023 - 15.06.2023  
аралығында өткізіп жатқан **"151-ші The Open at Liverpool чемпионатына  
екі адамға саяхат ұтысы"** жарнамалық науқанының жеңімпазы екенім  
туралы хабардармын және

\_\_\_\_\_

сертификатты алғанымды растаймын.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_, "Еуразиялық банк" АҚ өткізіп жатқан **"151-ші The Open at  
Liverpool чемпионатына екі адамға саяхат ұтысы"** науқанының  
Жеңімпазы болып табыламын және ТАӨ, фотосуреттерімді және  
сұхбатымды жарнамалық мақсатта өтеусіз негізде пайдалануға келісім  
беремін.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

"Еуразиялық банк" АҚ  
**"151-ші The Open at Liverpool  
чемпионатына екі адамға саяхат ұтысы"**  
жарнамалық науқанын өткізу  
шарттарының №2 қосымшасы

**Сертификаттан бас тарту актісі**

Мен, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_, жеке куәлік № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берілген күні \_\_\_\_\_ (құжатты  
берген орган), ЖСН \_\_\_\_\_, "Еуразиялық банк" АҚ 03.04.2023  
- 15.06.2023 аралығында өткізіп жатқан **"151-ші The Open at Liverpool  
чемпионатына екі адамға саяхат ұтысы"** науқанының Жеңімпазы екенім  
туралы хабардармын және осы сертификатты алудан бас тартатынымды  
растаймын.

Алдағы уақытта "Еуразиялық банк" АҚ-ға ешқандай талап қоймаймын.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_